



Автор: Рамазанова Диана Нумоновна

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Литосфера

Тақырып: Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.1 -литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды
Сабақтың мақсаты:	Литосфераның құрылысын біледі және заттық құрамын анықтай алады
Тілдік мақсаттар:	Оқушылар: литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтау үшін топпен жұмыс істейді (айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары) дамытады. Пән бойынша сөздер мен терминдер: Литосфера, астеносфера, магмалық, шөгінді, метаморфтық, материктік, мұхиттық, жер қыртысы. Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер (айтылым және жазылым дағдылары) Жер қыртысының түрлерін сипаттаңыз. Материктік және мұхиттық жер қыртысының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаңыз.
Күтілетін нәтиже:	Литосфераның құрылысын біледі және заттық құрамын анықтайды
Бағалау критерийлері:	Барлық оқушылар - «Литосфера» ұғымын түсіндіреді Көпшілігі - Литосфераның құрылымын сипаттау. Кейбір оқушылар - Литосфераның заттық құрамы графикалық түрде бейнелу, таралу ерекшеліктерін көрсету
Құндылықтарды дарыту:	Оқушылар бойындағы жауапкершілік; коллаборативті орта құруға атсалысу; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау құндылықтарын қалыптастыру
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, интернеттен бейнефильм.
Пәнаралық байланыс:	Биология, Химия
Бастапқы білім:	6-сынып, Физикалық география курсынан "Литосфера" тақырыбына қатысты алған білімдері

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Сыйлықтар» <i>Мақсаты:</i> оқушылардың бір-біріне сыйлық сыйлау арқылы өздерінің басқаға деген жылылық, сенімділік сезімдерін білдіріп, жақсы көңіл-күй сыйлайды. Топқа бөлу. "Мозайка" әдісі. Оқушыларға қағаз қималарын таратып, оларды біріктіру арқылы екі топқа бөлінеді.	Стикерлер, суреттер, қағаз қималары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (30 минут)	Тақырыпты ашу. Оқушыларға «Жердің құрылысы» атты бейнеролик ұсыну. Мұғалімнің тақырып төңірегінде қойған сұрақтары арқылы жаңа тақырыпты болжайды. • Сіздер бейнероликте не байқадыңыз? • Жердің құрылымы қандай қабаттардан тұрады? Мұғалім оқушыларға сұрақтар қою арқылы, оқу мақсаттарын анықтауға жетелейді. 1-тапсырма. Топтық жұмыс. "Айналмалы бекеттер" әдісі. Берілген тапсырмада оқушылардың білу және түсіну дағдыларын қалыптастырады. <i>Мақсаты:</i> оқушылардың өзгелердің идеясына сүйеніп, мәселені толығымен қамтуын көздейді, сондай-ақ олардың белсенді болып, жылдам қозғалуын талап етеді, осы орайда іс-әрекеттік тәсіл жүзеге асады. Бағалау: “Бағдаршам” әдісі. Топтық бағалау <i>Мақсаты:</i> жаңа тақырыпты түсіну деңгейін анықтау. 2-тапсырма. Жұптық жұмыс. Венн диаграммасы Мұхиттық және материктік жер қыртысының ұқсастықтары мен айырмашылығын анықтаңыз. Бұл жұмыста оқушылар мұхиттық жер қыртысы мен материктік жер қыртысының ортақ ұқсастықтарын анықтайды. Алдыңғы тапсырмада жұмыс жасаған білімдерін қолдана алады. Жазылым дағдысы жүзеге асады. <i>Мақсаты:</i> Кейбір оқушылардың жеке психикалық ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеріп, оқу үдерісін дараландыру мақсатында тұлғаға бағдарланған тәсілді қолдану. Бағалау: “Бес саусақ” әдісі. Өзара бағалау <i>Мақсаты:</i> оқу мақсаттарына жеткендігін немесе ілгерілеуінің деңгейін қадағалау 3-тапсырма. "Қызықты карта": Мұғалім оқушыларға атластарын ашып, жер қыртысында таралған элементтерді сонымен қатар тау жыныстары мен минералдарды қарастыруды ұсынады. Оқушылар оны топта талқылайды, осы арқылы қолдану дағдылары қалыптасады. <i>Мақсаты:</i> Бағдарламаға сәйкес географиялық номенклатура мен нақты картографиялық түсініктерді білу арқылы картамен жұмыс барысында өз білімдерін қолданады. Бағалау: “Белгілер” әдісі Топтық бағалау <i>Мақсаты:</i> оқудағы қиындықтарды анықтау арқылы кері байланыс орнату 4-тапсырма. Саралап оқыту тәсілі. Оқушылардың қабілеттеріне қарай тапсырма ұсыну. • Барлық оқушылар – “Жердің ішкі құрылысы” және “Жердің сыртқы қабықтарын” ажырата алады. • Көпшілігі – Жер қыртысының түрлерін анықтай алады ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындайды. • Кейбір оқушылар – Жер қыртысының заттық құрамының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелей алады, оны түсіндіреді және картадан таралу ерекшеліктерін көрсетеді. <i>Мақсаты:</i> оқушылардың топта жұмыс жасай алу және жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып тапсырма құрастырамын Бағалау: Бағалау критерийДескриптор 1.«Литосфера» ұғымын түсіндіру 1.Жердің ішкі құрылысына сипаттама береді 2.Жердің сыртқы қабықтарын анықтайды 2.Литосфераның құрылымын сипаттау 1.Материктік жер қыртысына сипаттама береді, 2.Мұхиттық жер қыртысына сипаттама береді 3. Литосфераның заттық құрамы графикалық түрде бейнелу, таралу ерекшеліктерін көрсету 1.Минералдарға сипаттама беру 2.Тау жыныстарына сипаттама беру 3.Минералдар мен тау жыныстарына графикалық түрде бейнелеу 4.Минералдар мен тау жыныстарының таралу ерекшеліктерін картадан көрсету.	Жердің құрылымы https://www.youtube.com/watch?v=VGjBpUobsCc /3 минуттық көрсеті Атлас «Материктік жер қыртысы» және «Мұхиттық жер қыртысы»https://www.youtube.com/watch?v=k5jCt4uxtEo альтернатив ретінде /2 минуттық көрсетілім/ А3 парағы, түрлі-түсті маркерлер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (3 минут)	"Бір қызықты мәлімет" әдісі Әрбір оқушы осы тақырып төңірегінде есінде қалған, бірақ басқа оқушылармен қайталанбайтын бір түйін ойын айтады.	
Рефлексия (2 минут)	Кері байланыс – “Пирамида” әдісі бойынша жүзеге асады. <i>Мақсаты:</i> оқушы өзінің қалай үйренгендігін (үйренудің қадамдарын, әдіс-тәсілдерін) талдап, оларды түсінуге тырысады, өзінің атқарған әрекеттерін зерделеп, олардың берген нәтижелерін нақтылайды, оларды қалайша жақсарту болатындығы туралы ойланады.	